

**«Келісілді»**

**Атырау облысының  
қорғаныс істер жөніндегі  
департамент бастығы полковник  
полковник \_\_ Б. Акбалиев  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ ЖЫЛ**

**«Бекітемін»**

**Атырау аймақтық дене  
тәрбиесі және спортты  
дамыту орталығының  
директоры \_\_\_\_ С.Жекенов  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ ЖЫЛ**

**«Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша  
Үздік оқытушы- ұйымдастырушы» облыстық байқауын өткізудің  
ЕРЕЖЕСІ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша Үздік оқытушы-ұйымдастырушы» облыстық байқауын (бұдан әрі – «Облыстық байқау») өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Облыстық байқауды ұйымдастыруды Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі Департаментімен бірлесе отырып, Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы ұйымдастырып, өткізеді.

**2-тарау. Байқаудың өткізілу мақсаты мен міндеттері**

Байқау барысында оқушылар мен ата-аналар арасында қоғамда жоғары рейтингі бар білім беру мекемелерінің шығармашыл жұмыс істейтін мұғалімдері анықталады.

Байқаудың барлық кезеңдерінде қазылар алқасы қатысушыларды келесі бағыттар бойынша бағалайды:

- Оқытушының кәсіби шеберлігі мен сапасы;
- Мұғалім болып жұмыс істей білу, оқыту, тәрбиелеу және дамыту технологиясы.
- Педагогикалық шығармашылықтың мәні мен нәтижесі;
- АӘД бойынша сабақтардың сапасы, оның нәтижелері;
- АӘД бойынша аудандық, қалалық, облыстық және республикалық жарыстарға оқушылардың қатысуы;
- АӘД оқыту әдістемесі, оның облыстың басқа білім беру мекемелерінде таралуы;
- Қалалық, аудандық, облыстық әдістемелік бірлестіктің жұмысына қатысу;
- Мектептің материалдық базасы (қаруды сақтау бөлмесі, саптық алаң және т. б.)
- АӘД оқытушы-ұйымдастырушыларының қоғамдық мәртебесін көтеруді қалыптастыру;
- Оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі және тиімді педагогикалық технологияны анықтау.

- Педагогикалық идеяларымен, шығармашылық нәтижелерімен алмасу;
- Педагогтардың өз тәжірибесіндегі жетістіктерді тарату болып табылады.

### **3-тарау. Байқауға қатысушылар**

3.1 Байқауға облыстың жалпы білім беретін мектеп және колледж арасында аудандық (қалалық) байқаудан жеңімпаз атанған алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы – ұйымдастырушылары қатысады.

3.2 Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері өткізген байқауларының есебін ААДТЖСДО-на тапсырады.

3.3 Байқау екі кезеңнен өткізіледі: аудандық (қалалық), облыстық. Қатысушылардың еңбек өтілі мен жас ерекшеліктеріне шектеу қойылмайды. Байқауға қатысушылар ұйымдастыру комитетіне үлгіге сәйкес толтырылған үлгі мен жұмыс тәжірибесінің талдауы мен әдістемелік жұмыстарын ұсынады.

3.4 Байқауға қатысушылар салтанатты әскери киім және далалық киім (камуфляж) үлгісінде болу керек, сондай-ақ пневматикалық мылтық пен оқтарын (пулки), жалпыәскери қорғаныш толымын (ОЗК), газқағарын (противогаз) алып келуі міндетті.

### **4-тарау. Байқаудың өткізілу орны мен мерзімі**

4.1 Облыстық байқау \_\_ жылы \_\_\_\_ - \_\_ \_\_ аралығында Атырау қаласы № \_\_\_\_ мектебінің базасында өткізіледі. Байқаудың басталуы сағат: \_\_\_\_\_ – де.

4.2 Байқаудың 1 – ші кезеңін өткізуге қалалық, аудандық ұйымдастыру алқасы құрылады. Облыстық байқауға қалалық, аудандық білім бөлімдері бір үздік жеңімпаздың материалдарын \_\_ жылдың \_\_\_\_ \_\_\_\_ дейін ұсынылуы тиіс.

### **5 тарау. Байқаудың өткізілу бағдарламасы**

1 байқау – «Шебер - мұғалім», қатысушы оқытушы-ұйымдастырушы өзінің тәжірибелік жұмысындағы жаңа әдістері жөнінде (презентация, альбомдар, видео, фотосуреттер) баяндайды. Презентацияға қойылатын талаптар:

- Көркемдік, әдеби және педагогикалық шеберлігі мен білім алушылар алдында өзін-өзі ұстай білуі;
- Оқытушы-ұйымдастырушы жөніндегі мәлімет;
- Техникалық оқу құралдарын пайдалана білуі, жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі;
- Ғылыми жұмыс: оқытушы-ұйымдастырушының өзіндік ізденіс тақырыбы (тәжірибелік – эксперименттік жұмыстары - бейнеролик пайдалануға болады);

2 байқау – «Жаңа мектепте – қазіргі заман сабағы». Алғашқы әскери дайындық байқауына қатысушылар стандарттық емес АӘД сабағын (10-11 сынып) кез – келген сыныппен жарыс, саяхат, біріктірілген сабақ ретінде, т.б. өткізілуі керек. Байқауға қатысушылар тақырыпты өздері таңдайды. Сабақты өткізу уақыты 15 минут. Сабақ басталар алдында оқытушы-ұйымдастырушы қазылар алқасына жұмыс жоспарының бір данасын көрсетеді. Сабақты аяқталғаннан кейін қорытындылайды (қорытындылау 3 минуттан аспауы керек). Егер белгіленген уақыттан асып кетсе, әділ-қазылар алқасы сабақты тоқтатады. Байқауға қатынасусы оқытушы-ұйымдастырушы әскери киімде болуы талап етіледі. Сабақ жоспары (мазмұны), оқушылардың үлгерімінің бағалануы және сараптамасына ұпай сабақтар өткізілгеннен кейін комиссия бірлесе талданып қойылады.

Ескерту: Сабақтардың өткізілу реті жеребе тастау негізінде анықталады.

3 байқау – «Әр адамның тиімді тәжірибелі жұмыс тәсілдері». Авторлық әдістемелік жұмысымен таныстыру, таныстырылым барысында презентация, альбомдар, видео, фотосуреттер пайдалануға болады.

4 байқау – Саптық дайындық.

Саптық байқау кезінде қатысушылардың бірі пәрмен берсе, екіншісі орындайды, кейін екеуі орын алмастырады. Пәрмендерді мемлекеттік тілде дұрыс бере білуі, берілетін пәрменнің дұрыстығына, орындалуына ұпай беріледі.

Нысанды дәлдеп ату – нысана №8 П, тіреусіз жатып атады, сынама – 3 оқ, есептік 5 оқ.

Жалпы әскери қорғаныс толығын кию (ОЗК)- кию реттілігі, дұрыстығы және уақыттың аздығына баға қойылады.

АК-74 қаруын толық емес бөлшектеу және жинау. Реттілігі, дұрыстығы, уақыттың тездетілгеніне баға қойылады.

«АК-74 толық емес бөлшектеу» нормативін орындау тәртібі. Қару үстел үстінде жатады:

- Оқжатарды бөлектеу;
- Оқтықта оқтың бар-жоғы тексеріледі;
- Жабдықтар пеналын дүм ұясынан шығару;
- Сүмбіні алу;
- Автоматтан - ұңғылық тежеуіш-компенсаторын бөліп алу;
- Ұңғы қорапшасының қақпағын бөлектеу;
- Қайтармалы механизмді бөліп алу;
- Бекітпемен қоса, бекітпе жақтауын алу;
- Бекітпені бекітпе жақтауынан алу;
- Ұңғылық бастырмасымен газ түтігін босатып алу.

**"Толық емес бөлшектенгеннен кейін қаруды жинау тәртібі"**  
**нормативін орындау тәртібі.** Қару үстел үстінде жиналады:

- Газ түтікшесін ұңғы бастырмасымен қосу;
- Бекітпені бекітпе жақтауына қосу;
- Бекітпемен қоса бекітпе жақтауын ұңғы қорабына қосу;
- Қайтармалы механизмді қосу;
- Ұңғы қорабының қақпағын қосу;
- Шүріппені ұрыстың қайырмасынан босатып, сақтандырғышқа қою;
- Автоматқа ұңғылы тежеуіш-компенсаторды қосу;
- Сүмбіні қосу;
- Пеналды дүм ұясына салу;
- Оқжатарды автоматқа қосу.

Әскери топография топографиялық карта және тұсбағдармен (компас) берілген тапсырманы орындау.

5 байқау – АӨД материалдық базасының фото презентациясымен (кабинет, қару сақтайтын бөлмесі, тактикалық алаң, саптық алаң, даңқ бұрышы т.б.) таныстыру.

## **6 тарау. Қаржыландыру**

Қатысушылардың шығыны (жолы, тамағы, жататын орны) жіберуші мекеме есебінен. Жеңімпаз, жүлдегер командалар Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының тиісті диплом, медальдарымен марапатталады.

**Осы ереже жарысқа шақыру болып табылады.**

**Ұйымдастыру алқасы**  
**Тел. 27 12 10**

Үлгі

**«Алғашқы әскери дайындық бойынша үздік  
оқытушы- ұйымдастырушы» облыстық байқауына қатысуға  
ӨТІНІШ**

Білім беру ұйымы \_\_\_\_\_  
(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы \_\_\_\_\_

Команда жетекшісі \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)

### **Қатысушылар тізімі**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні, тегі</b>	<b>Туған</b>	<b>Жеке басын куәландыратын</b>	<b>Жұмыс орны.</b>
----------	-----------------------	--------------	---------------------------------	--------------------

<b>р/р</b>	<b>(толығымен)</b>	<b>күні</b>	<b>құжаттың нөмері, кім қашан берілді</b>	<b>Байланыс телефоны</b>
1				

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі